

«АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



«БЕКІТІЛГЕН»

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті»
КеАК Басқарма Төрағасы -Ректор








Б.Тілеп

«05» 03/ 2024 ж.

№ 05-04/450



Абай атындағы ҚазҰПУ жас зерттеушілерінің ғылыми жобаларының
Ректор гранты конкурсының құжаттамасы
(шағын ынталандыру гранты)

Басылым	Әзірлеген	Келісілген
Үшінші	Абдигалбарова У.М. 	Бурибаев Е.А.  Ишпекбаев Ж.Е.  Аменова К.А.  Желдыбаева А.Ж.  Жанбеков Х.Н.  Таттибаева Э.М. 

Алматы, 2024

**Абай атындағы ҚазҰПУ жас зерттеушілерінің ғылыми жобаларының
Ректор гранты конкурсының құжаттамасы
(шағын ынталандыру гранты)**

1. Жалпы ережелер

1.1. Конкурс Абай атындағы ҚазҰПУ жас зерттеушілерінің ғылыми жобаларын қаржыландыру Ректор гранты негізінде өткізіледі. Бұл конкурстық құжаттама 2023 жылғы 20 желтоқсандағы «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КЕАҚ Басқарма Төрағасы – Ректорымен бекітілген Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасына сәйкес әзірленген.

1.2. Конкурстың мақсаты – Абай атындағы ҚазҰПУ-дың 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасына сәйкес педагогикалық зерттеу университетінің деңгейіне жету үшін корпоративтік ғылымның перспективалық ғылыми бағыттары мен кластерлерін анықтау.

1.3. Жас зерттеушілерге арналған Ректор гранты конкурсына 40 жастан аспаған қоса алғанда Абай атындағы ҚазҰПУ оқытушылары мен қызметкерлері арасында өткізіледі. Зерттеу тобының құрамы 40 (қырық) жастан аспаған білім алушылардан, оқытушылардан және қызметкерлерден тұруы тиіс.

1.4. Конкурсты ұйымдастырушы және тапсырыс беруші – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті.

1.5. Гранттық қаржыландыруда орта білім беру проблемаларына бағытталған пәнаралық және кросспәндік зерттеулер басымдыққа ие. Конкурста ұсынылған жобалар білім беру технологияларындағы инновациялар, оқытудың жаңа әдістерін әзірлеу, әртүрлі оқу пәндері мен ғылымдардың байланысын зерттеу, сондай-ақ орта білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелерді шешу және т.б. тақырыптардың кең ауқымын қамтуы мүмкін.

1.5.1. Ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін кейіннен коммерцияландыру үшін әлеуеті бар StartUp (стартап) жобаларына басымдық беріледі.

2. Грант үміткерлеріне қойылатын біліктілік талаптары

2.1. Өтінім беруші 40 (қырық) жастан аспаған Абай атындағы ҚазҰПУ-дың штаттағы оқытушысы, қызметкері және білім алушысы (2 және 3 курс студенті, 1 курс магистранты, 1 және 2 курс докторанты) келесі ең төменгі талаптарға сай болуы тиіс:

- философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесі, магистр дәрежесі, бакалавр дәрежесі, Абай атындағы ҚазҰПУ білім алушы мәртебесін растайтын Шапағат жүйесінен анықтама;

- жоба жетекшісінің ғылыми зерттеу саласы және (немесе) оның ғылыми-зерттеу және (немесе) ғылыми-педагогикалық жұмыстағы тәжірибесі ғылыми жобаның бағытына сәйкес келуі керек.

2.2. Жоба жетекшісінің соңғы 3 (үш) жыл ішінде жоба бағыты бойынша келесі жарияланымдары болуы тиіс:

Философия докторлары (PhD), бейіні бойынша докторлар үшін:

- Web of Science дерекқорының Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index индекстелетін және (немесе) Scopus деректер базасындағы CiteScore деректері бойынша кемінде 25 (жиырма бестен) кем емес процентильмен рецензияланатын ғылыми жарияланымдарда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу жариялым;

Немесе

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым және жоғарғы білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті (бұдан әрі – ҚР ҒЖБССҚК) ұсынған ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала.

Магистрлер, 1 және 2 курс докторанттары үшін:

- ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақаланың

Немесе

- халықаралық ғылыми конференцияларда кемінде 3 (үш) мақала және/немесе тезистің болуы.

1 курс магистранттары, 2 және 3 курс студенттері үшін:

- ғылыми басылымда немесе халықаралық ғылыми конференцияларда кемінде 1 (бір) жарияланымның болуы.

3. Конкурс шарттары және қатысу үшін қажетті құжаттар

3.1. Конкурсқа қатысу үшін өтінім беруші өтінімді 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес ұсынады. Өтінімде грантты іске асыру мерзімі жазылуы тиіс (*грантты іске асыру мерзімі конкурстық хабарландыруда нақтыланатын болады*).

3.2. Грантты іске асыру кезеңінде зерттеу тобының мүшесі ретінде Абай атындағы ҚазҰПУ-дың студенті, магистранты немесе докторанты болып табылатын кемінде 1 (бір) білім алушының қатысуы міндетті.

3.3. Гранттық қаржыландыру шеңберінде бөлінген қаражат өтінімде көрсетілген мақсаттарға ғана бағытталуы тиіс.

4. Конкурсқа қатысу үшін өтінімнің нысаны мен мазмұнына қойылатын талаптар

4.1. Конкурсқа қатысу үшін өтінім 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес жасалады. Өтінім, ілеспе хат және сұратылатын қаражат есебі мемлекеттік тілде және/немесе орыс тілінде беріледі. Өтінім орыс тілінде берілген жағдайда барлық қосымшаларды мемлекеттік тілге аудару қажет.

4.2. Өтінімдер академиялық және зерттеу этикасының қағидалары мен нормаларына сәйкес болуы керек.

4.3. Грантты іске асыру үшін қажетті сұратылған қаржыландыру сомасы (*1 (бір) ғылыми жобаны қаржыландырудың максималды сомасы конкурстық хабарландыруда көрсетілетін болады*).

Зерттеу жобасының күтілетін нәтижелері сұралған қаржыландыру көлеміне сәйкес болуы керек.

4.4. Грант бойынша зерттеу тобының барлық мүшелерінің, оның ішінде жоба жетекшісінің жалпы еңбекақы қоры жобаны іске асырудың толық кезеңінде (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда) сұратылған қаржыландырудың жалпы көлемінің 70 (жетпіс) % - нан аспауы тиіс.

5. Конкурсқа өтінім беру процесі

5.1. Өтінім беруші конкурсқа өтінімді Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Ғылым департаментіне қағаз және электрондық нұсқада өткізеді. Өтінімдер қағаз және электрондық нұсқада мемлекеттік немесе орыс тілдерінде беріледі. Өтінім мәтінінің мазмұны қағаз және электрондық нұсқада бірдей болуы тиіс. Қағаз нұсқасы тігінді ретінде байланып, соңғы бетте парақтардың саны көрсетілген қорытынды жазба жасалады.

2.1. және 2.2. тармақтарында атап өтілген ғылыми жетекшінің біліктілігін растайтын құжаттар өтініммен бірге қағаз нұсқада тапсырылуы тиіс.

5.2. Конкурсты іске асыру кезеңдері:

1) Техникалық іріктеу;

2) Жасырын рецензиялау;

3) Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми-консультациялық кеңесінің қорытындысы.

5.3. Өтінімді ресімдегенде конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеген және талап етілетін құжаттарды ұсынбаған; плагиат фактілері анықталған; үміткердің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеуі; күтілетін нәтижелердің конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келмеуі жағдайларында өтінімдер үміткерге қайтарылады және техникалық іріктеуден өтпейді.

5.4. Жасырын рецензиялау кезеңінде шифрланған жұмыс тиісті салаларда мамандандырылған 2 (екі) рецензентке жіберіледі.

5.5. Ректор грантын жеңіп алған жобалардың тізімін бекіту жөніндегі ұсынымды Абай атындағы ҚазҰПУ-дың Ғылыми-консультациялық кеңесі береді және ол тізім Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

5.6. Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма Төрағасы-ректорының бұйрығымен бекітілген жобалар «ҰМҒТСО» АҚ жүйесіне мемлекеттік және орыс тілдерінде ілеспе хатты, өтінімді және сұратылған қаржыландыру есебін жүктеп, тіркеуден өтулері тиіс. Ілеспе хатты Ғылым департаменті береді.

6. Күтілетін нәтижелерге қойылатын талаптар

6.1. Жобаны іске асыру қорытындылары бойынша келесі міндетті **ең төменгі күтілетін нәтижелер** алынуға тиіс:

- Web of Science дерекқорының Science Citation Index Expanded, Social Science Citation Index, Arts and Humanities Citation Index индекстелетін және (немесе) Scopus деректер базасындағы CiteScore деректері бойынша кемінде 35 (отыз бес) пайыздық көрсеткішпен рецензияланатын ғылыми жарияланымдарда кемінде 1 (бір) мақала немесе шолу жариялау ;

- ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған отандық ғылыми басылымдарда кемінде 1 (бір) мақала жариялау.

Немесе

- ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала жариялау;

- орта білім және ғылым саласында қолдануға болатын және болашақта коммерцияландыруға мүмкіндігі бар Startup (стартап) жобасын құру;

6.2. Ғылыми зерттеу нәтижелерін Абай атындағы ҚазҰПУ-дың және/немесе орта мектептердің оқу үдерісіне енгізу міндетті болып табылады. Енгізу актісінде күтілетін білім беру нәтижелері туралы деректер болуы тиіс.

6.3. Зерттелетін бағыт бойынша білім беру ұйымдары, мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, бизнес қоғамдастық өкілдері үшін әдістемелік ұсынымдар әзірленуі тиіс.

6.4. Қосымша нәтижелер ретінде ғылыми жобаны орындау барысында әзірленген монографиялар, мұрағаттық құжаттар жинақтары, сөздіктер, оқулықтар, оқу құралдары және әдістемелік ұсынымдар болуы мүмкін.

6.5. Жоба барысында алынған зерттеулердің нәтижелерін жариялау кезінде авторлар жобаның тапсырыс берушісіне міндетті түрде **алғыс білдіруі**, яғни жоба бойынша шарттың нөмірі мен күнін және қаржыландыру көзін (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті) көрсете отырып, алынған грантқа сілтеме жасауы тиіс. Ағылшын тіліндегі басылымдардағы қаржыландыру туралы мәтін келесідей болуы керек: *«This research has been/was/is funded by the Abai Kazakh National Pedagogical University (Contract №.... dated)»*.

ҚР ҒЖБМ ҒЖБССҚК ұсынған журналдарда алынған грантқа қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде сілтеме болуы тиіс:

- қазақ тілінде: *«Зерттеуді Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті қаржыландырды/қаржыландырып отыр (___ж. № ... шарт)»*

- орыс тілінде: *«Исследование финансировалось/финансируется Казахским национальным педагогическим университетом имени Абая (договор №... от..... __г.)»*

- ағылшын тілінде: *«This research has been/was/is funded by the Abai Kazakh National Pedagogical University (Contract №.... dated, ___)»*

6.6. Грант нәтижелері туралы ақпаратты тарату және университеттің ғылыми қызметін танымал ету үшін ішкі жобалардың жетекшілері грант туралы қысқаша ақпаратты: өзектілігін, мақсатын, күтілетін және қол жеткізілген нәтижелерін, зерттеу тобы мүшелерінің аттарын және олардың идентификаторларының (Scopus Author id, Researcher ID, ORCID, егер бар болса) тиісті профильдерін (оларға сілтемелермен) және патенттерін,

жарияланымдарының тізіміне сілтемелерімен Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ресми сайтының «Ғылыми жобалар» парақшасына орналастыруы тиіс. Абай атындағы ҚазҰПУ қаржыландыратын ғылыми жобалардың нәтижелері мен іске асырылу процесі туралы ақпарат Абай атындағы ҚазҰПУ-дың ресми сайтында, сондай-ақ әлеуметтік желілерде және (немесе) бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануы тиіс.

6.7. Грантты іске асыру нәтижелері туралы Есеп Ғылым департаментіне өткізілуі және «ҰМҒТСО» АҚ жүйесіне жүктелуі тиіс.

7. Жобаны қаржыландыру

7.1. Гранттық қаржыландыру қаражатын жоба жетекшісі бөледі.

7.2. Өтінімнің мақсатына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін гранттық қаржыландыру қаражаты шығыстардың келесі бағыттарға бөлінуі тиіс:

- 1) еңбекақы төлемдері;
- 2) қызметтік іссапарлар;
- 3) ғылыми-ұйымдастырушылық жұмыстар.

7.3. Шетелдік журналдарда мақала жариялауға, ұйымдастыру техникасын, жабдықтарды, делдалдық қызметтерді грант қаражатынан жоспарлауға және пайдалануға болмайды.

7.4. Гранттық қаржыландыру қаражатын тиімсіз және негізсіз пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген нормалар бойынша жоба жетекшісінің жауапкершілігінде болады.

7.5. Конкурс жеңімпаздары мен Абай атындағы ҚазҰПУ арасында гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыру келісімшарты жасалынады. Келісімшартта көрсетілген грантты іске асыру негізінде күтілетін нәтижелері күнтізбелік жоспарға және өтінімде көрсетілген күтілетін нәтижелерге сәйкес болуы және осы конкурстық құжаттаманың 6.1, 6.2. және 6.3 тармақтарының талаптарынан төмен болмауы тиіс.

7.6. Жоба жетекшісі заңдарда белгіленген тәртіппен жоба бойынша есеп пен қорытындыны тапсыруды қамтамасыз етеді.

7.7. Орындаушы грант мониторингінен бас тартқан және (немесе) растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми-консультациялық кеңесі орындаушымен(-лармен) шартты бұзу және гранттық қаржыландырудың жалпы сомасының 10%-ын қайтару туралы шешім қабылдайды.

7.8. Конкурстық құжаттаманың 6.1, 6.2 және 6.3-тармақтарында көрсетілген грант нәтижелеріне қол жеткізілмеген жағдайда, Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми-консультативтік кеңесінің шешімі бойынша грант алушы нәтижелерге қол жеткізген сәтке дейін, бірақ 3 жылдан аспайтын мерзімге Абай атындағы ҚазҰПУ жариялаған келесі конкурстарға қатысудан шеттетіледі. Ғылыми әдепті бұзу (плагиат және жалған бірлескен авторлық, қайталану, бөтен деректерді беру, ғылыми деректерді ойдан шығару және бұрмалау және басқалар) немесе грант бойынша қорытынды есепті мақұлдамау фактілері анықталған жағдайда, Абай атындағы ҚазҰПУ Ғылыми-консультативтік кеңесінің шешімі бойынша жоба жетекшісі Абай атындағы ҚазҰПУ жариялаған келесі конкурстарға қатысудан 3 жылға шеттетіледі.

8. Грантты орындау шарттары

8.1. Грантты жеңіп алған жоба жетекшілері конкурс нәтижелері жарияланғаннан кейін 10 күн ішінде келесі құжаттарды ресімдеуге міндетті:

- Абай атындағы ҚазҰПУ гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми-зерттеу жобаларын іске асыруға арналған келісімшарт;
- шығындар сметасы;
- калькуляция;
- күнтізбелік жоспар;

- штаттық кесте;
- штаттық кестеге сәйкес өтініш;
- еңбек келісімдері.

8.2. Жоба жетекшісі университеттің Ғылым департаментіне, Бухгалтерлік есеп және есептілік басқармасына және Экономикалық жоспарлау және талдау басқармасына әр жартыжылдықта орындалған жұмыстар актісін тапсыруға міндетті; бөлінген гранттар күнтізбелік жоспарды орындау және грант қаражатын игеру мақсатына қарай жылына 2 рет мониторингтен өтеді. Грант мониторингінен жалтарған және (немесе) растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда қаржыландыруды тоқтату туралы ұсыныс енгізіледі.

8.3. Жоба жетекшісі Ғылым департаментіне ғылыми-зерттеу жобасы бойынша қорытынды есепті және 6.1, 6.2 және 6.3-тармақтарында көрсетілген жоба нәтижелерін растайтын құжаттарды электрондық және қағаз нұсқаларында, сондай-ақ қорытынды есепті «ҰМҒТСО» АҚ ақпараттық жүйесіне жүктеу міндетті.

9. Өтінімді ресімдеуге қойылатын талаптар

9.1. Өтінімді ресімдеу үшін қажетті құжаттардың тізбесі (1, 2, 3-қосымшалардағы ресімдеу үлгілерін қараңыз):

- 1) Ілеспе хат 1 бетте (1-қосымша);
- 2) Конкурса қатысуға өтінім (2-қосымша).
- 3) Сұратылған қаржыландыру негіздемесі (3-қосымша)

9.2. Өтінімдер қағаз және электрондық нұсқаларда, қағаз нұсқасы жоба жетекшісінің қолымен расталып, тігінді түрінде, бір данада Алматы қаласы, Қазыбек Би көшесі, 30 мекенжайы бойынша 203а кабинетке тапсырылды.

9.4. Өтінімнің, ілеспе хаттың және қысқаша сипаттаманың мәтіні төмендегідей параметрлерді ескере отырып нақты тұжырымдалуы және бірыңғай қаріппен («Microsoft Word» мәтіндік редакторын қолдана отырып) басылуы тиіс:

- бет жиектері: сол жағы - 2,5 см, оң жағы - 1,5 см, жоғарғы және төменгі жағы - 2 см;
- қаріп – «Times New Roman», мөлшері – 12 (қосымшаларда кіші өлшем, бірақ кемінде 10 мөлшерлі қаріп пайдаланылуы мүмкін);
- жоларалық интервал – 1,0;
- азат жол (бірінші жолдың шегінісі) – 1,25 см;
- тақырып пен мәтін, мәтін мен қолтаңба арасындағы интервал – 1;
- өтінімнің және оған қосымшалардың беттері нөмірленуі тиіс;
- өтінімнің көлемі А4 форматындағы 10 (он) беттен аспауы тиіс.

ІЛЕСПЕ ХАТ

(үміткердің қолы қойылған)

Конкурстың атауы.

Грант тақырыбының атауы.

Ғылыми-техникалық ақпараттың Мемлекетаралық рубрикаторының коды (FTAMP) (xx.xx.xx; xx.xx.xx;...).

_____ жылға сұратылатын қаржыландыру сомасы, мың теңгемен.

Гранттың басталуы мен аяқталуының болжамды күндері.

Жоба жетекшісінің дербес деректері (тегі, аты, әкесінің аты, жұмыс орны, тұрғылықты мекен-жайы, ЖСН, байланыс деректері (телефоны, e-mail) және ол қатысатын басқа жобалар туралы мәліметтер.

Өтініш берушінің Т.А.Ә. _____ қолы _____

** Ілеспе хат А4 форматындағы бір беттен аспауы тиіс*Гранттық қаржыландыру конкурсына қатысуға
Өтінім

1. Жоба тақырыбының атауы [20 сөзден артық емес, екі тілде].
2. Өтінім берілетін ғылымды дамытудың басым бағытының атауы.
3. Өтінімнің саласы мен бағытын сипаттайтын түйін сөздер.
4. Кіріспе бөлім

Жоба идеясы, жоба мәселесі, оның шешу жолдарының қысқаша сипаттамасы көрсетіледі.

5. Жобаның мақсаты

Мақсат қысқа әрі нақты баяндалады, ол жоба тақырыбына сәйкес келуге, қол жеткізілетін болуға және жобаны іске асыру нәтижесінде алынуы күтілетін шешімнің сипаттамасын көрсетуге тиіс. Мақсаттың мазмұны жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде жауап беру болжанатын негізгі мәселені көрсетуге тиіс.

6. Жобаның міндеттері

Бұл бөлімде өзара қисынды байланысқан, сабақтас міндеттер арқылы жобаның мақсатына қол жеткізу тәсілі сипатталады.

7. Жобаның ғылыми жаңашылдығы және маңыздылығы**8. Зерттеу әдістері****9. Зерттеу тобы**

Бөлімде ғылыми зерттеу жүргізетін зерттеу тобының құрамы туралы ақпарат беріледі, яғни жоба орындаушыларының аты-жөні, білімі, дәрежесі, ғылыми атағы (бар болса), негізгі жұмыс/оқу орны, лауазымы/курсы, Хирш индексі, Researcher ID, ORCID, Scopus Author ID идентификаторлары (бар болса), қатысушының рөлі, жобада орындалатын жұмысының сипаты, сондай-ақ қатысудың қысқаша негіздемесі беріледі.

10. Жұмыстардың күнтізбелік жоспары

Жобаның кезеңдерін, қойылған міндеттерді, олардың маңыздылығын негіздеуді қамтитын жұмыстардың күнтізбелік жоспары.

Күнтізбелік жоспар

№ р/с	Жобаның міндеттерін іске асыру жөніндегі іс-шаралардың атауы	Орындау мерзімі (басталу айы-аяқталу айы)	Жобаны іске асырудан күтілетін нәтижелер (міндеттер мен іс-шаралар бөлінісінде), қорытынды нәтиже
1			
1.1.			
2			
2.1.			
3			
3.1.			

11. Күтілетін нәтижелер

Бөлімде зерттеулердің негізгі нәтижесі, яғни жобаның мақсатына қол жеткізуге сәйкес келетін нәтиже, оның сандық және сапалық сипаттамалары мен іске асыру нысандары сипатталады. Жобаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес нәтиженің негіздемесі келтіріледі.

12. Библиография

Бөлімде сілтемелер келтірілген жарияланымдар көрсетіледі.

Әрбір жарияланымда журналдың толық атауы, басылым нөмірі, шығарылған жылы, бет нөмірлері, мақаланың толық атауы, мақаланың барлық авторларының есімдері болуға тиіс.

Сұратылатын қаржыландырудың есеп-қисабы мен негіздемесі

Бөлімде келесідей ақпараттар қамтылады:

Сұратылған сома бойынша шығыстардың жиынтық сметалық есебі 1-кестеге сәйкес толтырылады. Жобаның бюджетін жұмыс жоспарына сәйкес жобаның ғылыми жетекшісі бөледі және қаржыны осы жобамен байланысы жоқ шығыстардың өзге баптарына жұмсай алмайды;

Еңбекақы 2-кестеде көрсетілгендей, барлық салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді есептеуді қоса алғанда, бөлінеді;

Қазақстан Республикасының ішіндегі және шет мемлекеттерге қызметтік іссапарлар зерттеу жүргізуге байланысты барлық шығыстары көрсетіліп жасалады (3-кесте). Іссапарлар бойынша шығыстар ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі № 1428 қаулысына және ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 11 мамырдағы № 256 «Бюджет қаражаты есебінен, оның ішінде Шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларын бекіту туралы» қаулысына сәйкес келуі тиіс.

Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу, орындаушы кәсіпкерлік субъектілерінен сатып алатын, зерттеулерді орындау үшін қажетті, оның ішінде конференцияларға қатысу үшін ұйымдастырушылық жарналар, зерттеудің ғылыми нәтижелерін патенттеуге, зерттеу нәтижелерін жариялауға жұмсалады (4-кесте).

Жобаның мақсатына, міндеттеріне және күтілетін нәтижелеріне қол жеткізу үшін олардың қажеттілігін міндетті негіздей отырып, шығыстардың әрбір бабының мазмұны мен шамасын есептеуге, сондай-ақ шығыстардың осы бабы негізге алынған бағалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, қысқаша түсіндірмелер арқылы жасалады (кемінде 1 (бір) баға ұсынысы және / немесе прайс-парақ).

1-кесте

Сұратылатын сома бойынша шығыстардың жиынтық сметалық есебі

Шығыстар бабының атауы	жыл, теңгемен
10-111 еңбек ақы	
01-121 әлеуметтік салық	
01-122 әлеуметтік аударымдар	
01-124 міндетті медициналық сақтандыру	
жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары	
01-161 мемлекет ішіндегі қызметтік іссапарлар	
01-162 шет мемлекеттерге қызметтік іссапарлар	
01-159 ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеу, өзге де қызметтер мен жұмыстар	
БАРЛЫҒЫ :	

2-кесте

Еңбек ақы төлеу фонды (салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді қоса алғанда)

№ п/п	Лауазымы	Еңбекақы, теңге					Барлығы (бағ. 6+10+14)
		Жұмыспен қамту (толық / толық емес)	Еңбекақы, айына теңгеде	Жұмыс айларының саны	Сомасы (бағ.3×4×5)		
1	2	3	4	5	6	15	
1.	Зерттеу тобының негізгі қызметкерлері			x			
1.1.							
1.2.							
...							
2.	Қосымша қызметкерлер			x			
2.1.							
2.2.							
...							
3.	Еңбекақы төлеу қоры (бағ. 1+2)	x	x	x			
4.	Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер (жиынтық бағ.4.1+4.2+4.3)	x	x	x			

4.1	Әлеуметтік салықты төлеуге арналған шығыстарды есептеу	x	x	x	x		
4.2	Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдарды төлеуге арналған шығыстарды есептеу	x	x				
4.3	міндетті медициналық сақтандыру	x	x	x	x		
4.4.	жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары	x	x				
Барлығы (бағ.3+ 4)		x	x	x	x		

3-кесте

Қазақстан Республикасының ішіндегі және шет мемлекеттерге қызметтік іссапарлар

№ р/с	Баратын жері (елі, қаласы)	Шығыстар бабының атауы	Құны, теңге	Орташа жылдық адам/күн саны	Іссапарға жіберілетін адамдардың орташа жылдық саны (адам)	Барлығы, мың. теңге (4-бағ. × 5-бағ. × 6-бағ.)
1	2	3	4	5	6	7
1.		Барып-келу жол шығындары, теңге Тұрғын үй-жайды жалдау, тәулігіне, теңге Тәуліктік шығындары өтеу, тәулігіне, теңге Визалық шығындар, теңге Мед. сақтандыру, теңге				
	Барлығы:					

4-кесте

Ғылыми-ұйымдастырушылық сүйемелдеуге арналған есеп

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Құны, теңге	Саны	Сомасы (теңге)
1	2	3	4	5	6
1					
	Барлығы:				